

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Физика
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жылулық нейтрондар жұтқан уран ядросының жарықшақтарға бөлінуін тудыратын күштердің табиғаты
А) гравитациялық
В) электромагниттік
С) ядролық
D) магниттік
E) молекулаларлық

2. Лазерлерде атомдарды қоздыру үшін қандай тәсілдер қолданылады
А) шапшаң электрондармен атқылау
В) химиялық реакция
С) қыздыру
D) суыту
E) нейтрондармен атқылау

3. Жұмыс істеуі сыртқы фотоэффект құбылысына негізделген прибор
А) фотодиод
В) фоторезистор
С) реостат
D) фотоаппарат
E) фотоэлемент

4. Энергиясы 8 эВ фотондар никель пластинаға түседі. Пластинадан электрондар 3 эВ-қа тең максимал кинетикалық энергиямен ұшып шығады. Электронның ұшып шығу жұмысы $A=...$
А) 5 эВ
В) 11 эВ
С) 3 эВ
D) 24 эВ
E) 2,7 эВ

5. Эйнштейннің фотоэффект үшін теңдеуі қандай заң негізінде алынған
А) энергияның сақталу заңы
В) импульстің сақталу заңы
С) зарядтың сақталу заңы
D) энергия мен массаның өзара байланыс заңы
E) Ньютон заңы

6. Диаметрі 0,5 мм капилляр түтік бойымен көтерілген судың массасы қандай?

$$(\sigma = 73 \frac{\text{мН}}{\text{м}}; \pi = 3,14; g = 10 \text{ м/с}^2)$$

- A) $\approx 1,1 \text{ мг}$
- B) $\approx 11 \text{ г}$
- C) $\approx 11 * 10^{-7} \text{ кг}$
- D) $\approx 11 \text{ мг}$
- E) $\approx 110 \text{ г}$

7. Ыдыстағы поршень астында тек қаныққан су буы бар. Температурасын өзгертпей қаныққан буды сыққанда, оның қысымы қалай өзгереді?

- A) артады
- B) азаяды
- C) бастапқыда артады, сосын азаяды
- D) бастапқыда өзгермейді, сосын артады
- E) өзгермейді

8. Газ 8 л көлемнен 6 л көлемге дейін изотермиялық сығылғанда қысымы $4 * 10^3$ Па-ға артқан. Бастапқы қысымды анықтаңдар.

- A) 15кПа
- B) 12 кПа
- C) 8кПа
- D) 24кПа
- E) 3 кПа

9. Қалыпты атмосфералық қысымда 20^0 С температурада өлшемі $6 \times 10 \times 3$ м сынып бөлмесіндегі молекулалар саны қанша? (Больцман тұрақтысы $k = 1,38 * 10^{-23}$ Дж/К, қалыпты атмосфералық қысым $p = 10^5$ Па).

- A) $44,5 * 10^{26}$
- B) $6,52 * 10^{29}$
- C) $2,24 * 10^{27}$
- D) $6,52 * 10^{29}$
- E) $44,5 * 10^{29}$

10. 47^0 С температурадағы 10^5 гелий атомдарының кинетикалық энергиясын табыңдар (Больцман тұрақтысы $k = 1,38 * 10^{-23}$ Дж/К).

- A) $662 * 10^{-16}$ Дж
- B) $66,2 * 10^{-23}$ Дж
- C) $662 * 10^{-16}$ Дж
- D) $6,62 * 10^{-23}$ Дж
- E) $6,62 * 10^{-16}$ Дж

11. Массасы 2 т зымыран жердің үстінде қозғалмай ілініп тұрғанда төмен қарай жылдамдығы 1,25км/с реактивтік ағын шашады. 1 с-та қанша газ массасы ағып шығады? ($g=10 \text{ м/с}^2$)

- A) 2,5 кг
- B) 0,0625кг
- C) 16 кг
- D) 1,6 кг
- E) 25 кг


12. Жер бетінде ғарышкердің салмағы 800Н. Тік жоғары $4g$ үдеумен қозғалған ракетадағы ғарышкердің салмағы ($g=10 \text{ м/с}^2$)

- A) 800 Н
- B) 1,6кН
- C) 3,2к Н
- D) 4кН
- E) 2400 Н

13. Мотоциклші қисықтық радиусы 40 м болатын жолдың дөңес бөлігінің ең жоғарғы нүктесіне түсіретін қысымы нөлге тең болуы үшін оны қандай жылдамдықпен жүріп өтеді ($g=10 \text{ м/с}^2$)

- A) 20 м/с
- B) 40 м/с
- C) 10 м/с
- D) 30 м/с
- E) 15м/с

14. Ох осінің бойымен қозғалатын дененің уақытқа тәуелділік графигі



бойынша t_1, t_2, t_3 уақыт мезетіндегі v_1, v_2 және v_3 жылдамдықтарын салыстырыңдар

- A) $v_1 > v_2 = v_3$
- B) $v_1 > v_2 > v_3$
- C) $v_1 < v_2 < v_3$
- D) $v_1 = v_2 > v_3$
- E) $v_1 = v_2 = v_3$

15. Айнымалы ток тізбегіндегі кернеу мен ток күшінің амплитудалық мәндері U_0 және I_0 . Егер олардың арасындағы фазалар айырмасы φ болса, онда тізбектегі қуат шамасы

- A) $U_0 * I_0$
- B) $2U_0 * I_0 \cos \varphi$
- C) $\frac{U_0 I_0}{2} \cos \varphi$
- D) $\frac{U_0 I_0}{2} \sin \varphi$
- E) $2U_0 I_0 \sin \varphi$

16. Егер төмендеткіш подстанцияға берілетін қуатты сақтай отырып, 11 кВ кернеу орнына 110 кВ кернеу берсе, электр жеткізу желісіндегі жылу шығыны қалай өзгереді?

- A) 10 есе артады
- B) 10 есе кемиді
- C) 100 есе артады
- D) 100 есе кемиді
- E) Өзгермейді

17. 10 минут ішінде 18 Кл заряд өтсе, гальвонометр нені көрсетеді? Тізбекке қосылған гальвонометр 1 мА көрсетсе, өткізгіштің қимасы арқылы уақыт бірлігінде қанша электрон өтеді

- A) $I=30$ кА, $n=6,2*10^{-12}$
- B) $I=30$ А, $n=6,2*10^{-18}$
- C) $I=3$ кА, $n=6*10^{-12}$
- D) $I=30$ А, $n=0,62*10^{-19}$
- E) $I=30$ мА, $n=6,2*10^{15}$

18. 7_3Li литий изотопының ядросының байланыс энергиясын ($m_p = 1.00728$ м. а. б, $m_n = 1,00866$ м. а. б, 1 м. а. б $= 1.660546 \cdot 10^{-27}$, $M_{\text{я}} = 11.6475 \cdot 10^{-27}$, $c=3*10^8$ м/с

- A) $E_{\text{б}}=11,2 \cdot 10^{-12}$
- B) $E_{\text{б}}=20,1 \cdot 10^{-12}$ Дж
- C) $E_{\text{б}}=6,201 \cdot 10^{-12}$ Дж
- D) $E_{\text{б}}=66,201 \cdot 10^{-12}$ Дж
- E) $E_{\text{б}}=2 \cdot 10^{-12}$ Дж

19. Бір термоядролық реакцияға екі ядро қатысады, олардың біреуінде нуклон саны 4, ал екіншісінде 6. Екінші реакциядағы ядролардың қосынды масса ақауының өзгерісі біріншісіне қарағанда 3 есе артық. Екінші реакцияда бөлінген энергия

- A) 3 есе кем
- B) 3 есе артық
- C) 1,5 есе кем
- D) 1,5 есе артық
- E) энергиялары тең

20. $0,6 \cdot c$ жылдамдықпен ($c=3 \cdot 10^8$ м/с -вакуумдегі жарық жылдамдығы) қозғалатын бөлшектің массасы оның тыныштық массасымен салыстырғанда қанша есе артады?

- A) 1,75
- B) 1,4
- C) 1,6
- D) 1,5
- E) 0,25

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Авиациялық қауіпсіздік
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының алғашқы құжатына қол қойылды
А) 1929ж.
В) 1937ж.
С) 1963ж.
D) 1941ж.
E) 1947ж.

2. Пластикалық жарылғыш заттарды анықтау мақсатында таңбалау туралы конвенция
А) 1963ж Токио
В) 1944ж Чикаго
С) 1970ж Гаага
D) 1971ж Монреаль
E) 1991ж Монреаль

3. Тексеру бойынша агенттің міндетіне кіреді
А) стандартты сұрақ қою
В) металл іздегіш арқылы құжаттарды тексеру
С) жолаушылардың билеті мен төлқұжатын тексеру
D) Рентгенді теледидарлық құрылғымен қондырғы қол жүгі мен жүктің дұрыс салынуын қадағалау
E) Рентгенді теледидарлық құрылғы көмегімен қол жүгін зерттеу

4. №1 агенттің атқаратын қызметі
А) жолаушылардың әуебилеті мен төлқұжатын тексеру
В) металл іздегішпен жолаушыны тексеру
С) қол жүгін рентгенді теледидарлық құрылғы қоймасына өткізген кезде тексеру
D) инспекция карточкасын толтыру
E) рентгенді теледидарлық құрылғымен жүкті тексеру

5. Алынған заттарды сақтау мерзімін атаңыз
А) бір ай
В) бір апта
С) бір жыл
D) үш ай
E) алты ай

6. Ішкі ұшу рейстеріне тіркелуге қажет жолаушылар құжаты
- A) жеке куәлік
 - B) төлқұжат
 - C) уақытша рұқсаттама
 - D) жеке басын куәландыратын кез-келген құжат
 - E) көлікті жүргізу құжаты
7. Қарулар қауіптіліктің қай класына жатады
- A) 1 класс
 - B) 5 класс
 - C) 9 класс
 - D) 7 класс
 - E) 4 класс
8. Уақытша рұқсатнаманың жарамдылық мерзімі
- A) бір жыл
 - B) үш жыл
 - C) бір күнге дейін
 - D) бір ай
 - E) алты ай
9. Авиациялық қауіпсіздік
- A) Авиакеменің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - B) Күннің еңбек тәртібін қадағалау
 - C) Мекеменің заттарын жауапкершілікпен қарау
 - D) Әуе жолаушыларын тіркеу
 - E) Ұшатын және ұшып келген жолаушыларды ертіп жүру
10. Рентгенді теледидарлық қондырғы
- A) жүкті толық зерттеу
 - B) жолаушыларға тиым салынған заттарды дұрыс анықтау
 - C) жолаушының киіміндегі металл заттарды анықтау
 - D) тиым салынған заттарды дұрыс қарау
 - E) жүкті және қол жүгін дұрыс сұрыптау
11. Қару-жарақтар тасымалданады
- A) жүк тасымалдайтын орында
 - B) жолаушылар салонында
 - C) экипаж кабинасында
 - D) қол жүгінде
 - E) жолаушының орнында

12. Сұйылтылған газдар

- A) 2 класс
- B) 7 класс
- C) 5 класс
- D) 4 класс
- E) 3 класс

13. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының атқаратын жұмысы

- A) құқықтық нысанындағы заңды құжаттарды жариялайды
- B) авиацияның ережелерін құрайды
- C) әуе көлігінің ережелерін қарастырады
- D) әуежай үшін жұмыс бағдарламасын жасайды
- E) әуе кемелерінің құрылымын қарастырады

14. 1991жылғы Монреал конвенциясы

- A) пластикалық жарылғыш заттарды анықтау мақсатында таңбалау конвенциясы
- B) жарылғыш заттарды табу мақсатында белгілеу туралы конвенция
- C) халықаралық азаматтық авиация ұйымы туралы конвенция
- D) азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған, заңсыз араласу актілерімен күрес туралы конвенция
- E) әуе кемелеріне құқықты халықаралық қабылдау туралы конвенция

15. Қол жүгі қаруды анықтау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру

- A) рентгенді теледидарлық қондырғы көмегімен қол жүгін зерттеу
- B) тасымал кезінде қаруды алып тастау
- C) тексеру кезінде жолаушыдан қол жүгінен қаруды алып тастауды өтіну
- D) жолаушыға қол жүгін тапсыруды өтіну
- E) Акт бойынша қаруды алу

16. Тасымалдаушы, науқас жолаушыны тасымалдау кезінде мынадай жағдайда бас тартуға құқығы бар

- A) қауіпті жұқпалы ауруы бар болса
- B) жолаушының жүгі жоқ болса
- C) жолаушы сөйлей алмаса
- D) бас тартуға себеп жоқ
- E) егер жолаушы 1 топтағы мүгедек болса

17. Қызметтік қару

- A) Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарына арналған қару
- B) жарық, түтін немесе дыбысты дабылдар үшін арналған
- C) механикалық шашырандылар, аэрозоль және қоздырғыш заттармен жабдықталған басқада құрылғылар
- D) бір снарядтың қашықтықта нысанаға соққы үшін арналған, адамның күші арқылы немесе механикалық құрылғы
- E) адамның күшін қолдана отырып, объектпен тікелей байланыста болу арқылы жеңіліске жету

18. Лақтыру қаруы

- A) бір снарядтың қашықтықта нысанаға соққы үшін арналған, адамның күші арқылы немесе механикалық құрылғы
- B) адамның күшін қолдана отырып, объектпен тікелей байланыста болу арқылы жеңіліске жету
- C) механикалық шашырандылар, аэрозоль және қоздырғыш заттармен жабдықталған басқада құрылғылар
- D) жарық, түтін немесе дыбысты дабылдар үшін арналған
- E) Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарына арналған қару

19. Әуежайдың қызметтік рұқсатнамасы

- A) Практиканттарға және басқа адамдарға уақытша беріледі
- B) Жолаушыларға уақытша рұқсаттамалар беріледі
- C) материалдық құндылықтарды алып шығару үшін арналған
- D) арнайы көліктердің қозғалысына
- E) әуежай қызметкерлеріне өз міндеттерін орындау үшін

20. Әуежайда қару алып жүруге құқықтары бар

- A) авиациялық қауіпсіздік инспектор қызметкері
- B) полиция қызметкері
- C) оққағарлар
- D) ҚР кез келген азаматы қару ұстауда ресми рұқсаты болуы керек
- E) Кәмелеттік жасқа толған балалар

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Жарылыс бау (*детанирующий шнур*)

- A) өзегі бар икемді жарылғыш зат
- B) қою майлы болып келеді
- C) түрлі түсті түйіршіктер түрінде, ұнтақ жарылғыш заттар, әдетте ақ түсті кристал пішінді болып келеді
- D) сұр немесе қоңыр балауызды қағазға оралған, цилиндрлік оқ түрінде өндіріледі
- E) сары түсті немесе ақшыл қоңыр балауызды қағазға оралған, пішіні дойбыға келеді
- F) оның түрлі-түсті пластикалық су жаққыш қабығы бар

22. Сұйық жарылғыш заттар

- A) қою майлы болып келеді
- B) түрлі түсті және консистенциясы бар көбік ретінде келеді
- C) түрлі түсті түйіршіктер түрінде, ұнтақ жарылғыш заттар, әдетте ақ түсті кристал пішінді болып келеді
- D) икемді парак, таспалар, қатты резеңкеге ұқсайды
- E) қолға жабыспайды, қол қысымымен кез келген форманы қабылдайды
- F) басқада құрамдармен арластыра беріледі, ажыратуы қиын

23. Өнеркәсіптік жарылғыш заттар

- A) сұр немесе қоңыр балауызды қағазға оралған, цилиндрлік оқ түрінде өндіріледі
- B) қою майлы болып келеді
- C) түрлі түсті түйіршіктер түрінде, ұнтақ жарылғыш заттар, әдетте ақ түсті кристалл пішінді болып келеді
- D) икемді парак, таспалар, қатты резеңкеге ұқсайды
- E) қолға жабыспайды, қол қысымымен кез келген форманы қабылдайды
- F) олардың құрамында тротил мен аммониттер бар және екі жағы таңбаланған

24. Пиротехникалық заттар

- A) әскери қызметте және халық шаруашылығында кеңінен қолданады
- B) қою майлы болып келеді
- C) түрлі түсті түйіршіктер түрінде, ұнтақ жарылғыш заттар, әдетте ақ түсті кристалл пішінді болып келеді
- D) сұр немесе қоңыр балауызды қағазға оралған, цилиндрлік оқ түрінде өндіріледі
- E) сары түсті немесе ақшыл қоңыр балауызды қағазға оралған, пішіні дойбыға келеді
- F) мақсатына қарай бірнеше түрі бар: имитациялық оқ, тұтандырғыш заттар, реактивті жарықтандыру және дабыл құралы

25. 19 қосымша

- A) Ұшу қауіпсіздігін басқару
- B) Әуе кемелердің ұлттық және тіркеу белгілері
- C) Әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау
- D) Жерде және әуе жұмыстарында қолданылатын өлшем бірлік
- E) Апаттық жағдайларға тергеу жүргізу
- F) Авиация қызметкерлеріне куәлік берілуі

26. 14 қосымша

- A) Аэродромдар
- B) Аэронавигациялық ақпарат қызметі
- C) Әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау
- D) Қауіпсіздікті басқару
- E) Апаттық жағдайларға тергеу жүргізу
- F) Әуе қозғалысына қызмет көрсету

27. 4 қосымша

- A) Аэронавигациялық карталар
- B) Әуе кемелердің ұлттық және тіркеу белгілері
- C) Әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау
- D) Жерде және әуе жұмыстарында қолданылатын өлшем бірлік
- E) Апаттық жағдайларға тергеу жүргізу
- F) Әуе қозғалысын қызмет ету

28. 7 қосымша

- A) Әуе кемелердің ұлттық және тіркеу белгілері
- B) Аэронавигациялық ақпарат қызметі
- C) Әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау
- D) Қауіпсіздікті басқару
- E) Апаттық жағдайларға тергеу жүргізу
- F) Әуе қозғалысына қызмет ету

29. Жерде орналасқан әуе кемесінде жарылғыш құрылғы болуы туралы ақпарат келген кездегі әуежай қызметкерлердің іс әрекеті

- A) әуежайдың ауысым басшысы әуе кемесінен жолаушыларды шығарады және қонақ үйге немесе әуежайға орналастырады
- B) инженерлік-авиациялық қызмет әуе кемесін сүйрегішіне тіркеп оқшауланған жерге апарды
- C) кем дегенде 100 метр қашықтықта қауіпсіздік үшін авиация қызметкерлері әуе кемесінен жүкті тасымалдайды
- D) инженерлік-авиациялық қызметкерлері авиация қауіпсіздік қызметкерлерімен бірге әуе кемесіне тексеріс жүргізбейді
- E) авиациялық қауіпсіздік қызметі әуе кемесіне тексерістен кейін жолаушылардың жүгін қолмен тексереді
- F) әуежайдың кезек басшысы ғимаратты тексеру немесе жолаушыларды көшіру іс-шарасын іске асырады
- G) заңсыз араласу актісіне қарсы лауазымды тұлғаларға, ақпарат беруге тыйым салынады

30. Ұшу барысында әуе кемесінде жарылғыш заттардың болуы туралы ақпарат алған кездегі әуежай қызметкерлерінің іс-әрекеті

- A) әуе кемесі командирінің өтініші бойынша әуе кемесіне қонуға рұқсат береді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен жұмыс істейді
- B) апаттық-құтқару және негізгі қызмет диспетчерлеріне дабыл туралы хабарлайды
- C) әуе кемелері үшін оқшауланған тұрақ аумағын бөлмейді
- D) кем дегенде 100 метр қашықтықта қауіпсіздік үшін авиация қызметкерлері әуе кемесінен жүкті тасымалдайды
- E) авиациялық қауіпсіздік қызметі әуе кемесіне тексерістен кейін жолаушылардың жүгін арнайы металліздегішпен тексереді

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік шаралары

Әуежайдың бақыланатын аймағында немесе кіруге шектеу қойылған аймақта қараусыз қорап қалдырылған жағдай

31. Полиция қызметкерлерінің іс-әрекеті

- A) әуежайдың ауысым басшысы ғимаратты тексеру немесе жолаушыларды көшіру іс-шарасын іске асырады
- B) әуе кемесінің командиріне хабарлайды
- C) жолаушыларға хабарлайды
- D) аға инспекторына хабарлайды
- E) диспетчерге хабарлайды

32. Экипаж қызметкерлерінің іс-әрекеті

- A) диспетчерге хабарлайды
- B) жолаушыларға хабарлайды
- C) әуежай жетекші басшысына хабарлайды
- D) аға инспекторына хабарлайды
- E) авиациялық қауіпсіздік қызметіне хабарлайды

33. Әуежай қызметкерлердің іс-әрекеті

- A) авиациялық қауіпсіздік қызметіне немесе полиция қызметкерлеріне хабарлайды
- B) әуе кемесінің командиріне хабарлайды
- C) аға агентке хабарлайды
- D) аға инспекторге хабарлайды
- E) диспетчерге хабарлайды

34. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің іс-әрекеті

- A) әуе ғимаратында қызметкерлер жарылғыш заттарды анықтау іс-шарасын өткізеді
- B) әуе кемесінің командиріне хабарлайды
- C) әуежайдың басшысына хабарлайды
- D) аға инспекторына хабарлайды
- E) диспетчерге хабарлайды

35. Жолаушылардың іс-әрекеті

- A) авиациялық қауіпсіздік қызметіне хабарлайды
- B) әуе кемесінің командиріне хабарлайды
- C) аға агентіне хабарлайды
- D) аға инспекторына хабарлайды
- E) диспетчерге хабарлайды

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Жолаушы мен оның қол жүгін тексеру технологиясы

Алматы қаласының халықаралық әуежайында бақыланатын аймақта, ішкі рейстің ALA-PLX Алматы-Семей бағыты бойынша тексеру агенттері №1,2,3,4,5 күдікті жолаушыны анықтады. Үрей туғызбау үшін тексеру агенттері стандартты тексерісін жүргізді.

36. №4 Агенттің іс-әрекеті

- A) стандартты сұрақ қояды
- B) металл іздегішпен жолаушыны тексереді
- C) авиабилет пен төлқұжатты тексереді
- D) жолаушыға рентгенді теледидарлық қондырғыға жүкті дұрыс қоюға көмектеседі, электронды құрылғылар болса ыдысқа салуын түсіндіреді
- E) рентгенді теледидарлық қондырғымен жүгін тексеру

37. №1 Агенттің іс-әрекеті

- A) авиабилет пен төлқұжатты тексеру
- B) металл іздегішпен жолаушыны тексеру
- C) қол жүгін рентгенді теледидарлық қондырғы қоймасына өткізген кезде тексеру
- D) инспекция карточкасын толтыру
- E) рентгенді теледидарлық қондырғы жүгін тексеру

38. №2 Агенттің іс-әрекеті

- A) жолаушыға рентгенді теледидарлық қондырғыға жүкті дұрыс қоюға көмектеседі, электронды құрылғылар болса ыдысқа салуын түсіндіреді
- B) металл іздегішпен жолаушыны тексереді
- C) авиабилет пен төлқұжатты тексереді
- D) стандартты сұрақ қояды
- E) рентгенді теледидарлық қондырғымен жүкті тексеру

39. №5 Агенттің іс-әрекеті

- A) металл іздегіштің сигналы бойынша бақылайды
- B) металл іздегішпен жолаушыны тексереді
- C) авиабилет пен төлқұжатты тексереді
- D) жолаушыға рентгенді теледидарлық қондырғыға жүкті дұрыс қоюға көмектеседі, электронды құрылғылар болса ыдысқа салуын түсіндіреді
- E) рентгенді теледидарлық қондырғымен жүкті тексеру

40. №3 Агенттің іс-әрекеті

- A) рентгенді теледидарлық қондырғы арқылы жүктің ішіндегі заттарды анықтайды
- B) жолаушыға рентгенді теледидарлық қондырғыға жүкті дұрыс қоюға көмектеседі, электронды құрылғылар болса ыдысқа салуын түсіндіреді
- C) авиабилет пен төлқұжатты тексереді
- D) стандартты сұрақ қояды
- E) металл іздегішпен жолаушыны тексереді

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.